

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрлігі  
Медициналық және  
фармацевтикалық қызметті  
бақылау комитеті Төрағасының  
2017 жылғы “ 19 ” 05  
№ N008328 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық  
ПРОПОСОЛ-Н**

**Саудалық атауы**  
Пропосол - Н

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Жоқ

**Дәрілік түрі**  
Жергілікті қолдануға арналған спрей, 20 г.

**Құрамы**  
1 баллонның ішінде  
*белсенді зат:* 1,2 г прополис бар  
*қосымша заттар:* этанол 96%, глицерин.

**Сипаттамасы**  
Қоңыр немесе сары-қоңырдан қызыл-қоңыр түске дейінгі, өзіне тән иісі бар сұйықтық.

**Фармакотерапиялық тобы**  
Ауыз қуысының ауруларын жергілікті емдеуге арналған микробқа қарсы басқа да препараттар.  
АТХ коды А01А В 11.

**Фармакологиялық қасиеттері**

*Фармакокинетикасы*

Пропосол-Н 2- 4 минут ішінде ауыз қуысының шырышты қабығына сіңіріледі және жергілікті резорбциялық емдік әсерін береді.

*Фармакодинамикасы*



Әсер етуші заты прополистің құрамында биологиялық-белсенді табиғи қосылыстар (флавоноидтар, аминқышқылдар, шайырлар, органикалық қышқылдар, эфир майлары, дәрумендер, микроэлементтер) бар. Прополис микробқа қарсы, қабынуға қарсы, репарациялық және антиоксиданттық айқын қасиеттерге ие, бұл пропосолдың катаральді, афтозды, ойық жаралы стоматиттер, катаральді гингивиттер, глосситтер, пародонтоздар кезіндегі емдік әсерін қамтамасыз етеді. Бұдан өзге, спрейдің құрамына глицерин мен этанол енгізілген, олар да – жұмсартатын және антисептикалық емдік әсерлерін береді. Аталған фармакологиялық қасиеттерінің біріктірілімі ауыз қуысының шырышты қабығының қабыну ауруларының кешенді патогенетикалық емін қамтамасыз етеді. Организмге жергілікті тітіркендіргіш және жалпы ұйтты әсер бермейді.

### **Қолданылуы**

Ауыз қуысының шырышты қабығының қабыну ауруларын: афтозды, катаральді, ойық жаралы стоматиттерді, катаральді гингивиттерді, глосситтерді, парадонтоздарды жергілікті емдеуге арналған.

### **Қолдану тәсілі және дозасы**

Пропосол-Н пайдаланар алдында аэрозольдік баллонға бүріккіш қондырмасын кигізіп, баллонды бірнеше рет сілку қажет, содан кейін қондырмасын түбіне дейін басу арқылы, препаратты ауыз қуысының шырышты қабығының зақымданған бөлігіне біркелкі бүрку керек. Препаратты күніне 2-6 рет, ал қабыну үдерісі азайғаннан кейін – күніне 1-2 рет толықтай сауыққанша қолданады. Емдеу курсы 7-10 күнді құрайды. 12 жастан асқан балаларға сақтықпен қолданады.

### **Жағымсыз әсерлері**

– аллергиялық реакциялар (қызару, терінің қышынуы, препаратпен жанасқан жерде ангионевроздық ісіну).

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- жекелей жоғары сезімталдық
- жедел экзема
- 12 жасқа дейінгі балаларға

### **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Анықталмаған

### **Айрықша нұсқаулар**

Пропосол-Н қолданар алдында ауыз қуысын қайнаған жылы сумен шаю қажет. Ауыз қуысын Пропосол-Н бүркіп сулағаннан кейін 15-30 минут бойы тамақ ішпеген дұрыс.



Бүріккіштің тесігінің бітеліп қалуын болдырмас үшін, манипуляция аяқталғаннан кейін оны үрлеу немесе таза су құйылған стақанға салу қажет.

Пайдалану кезінде баллонды қатаң түрде тігінен ұстау керек!

Препараттың көзге тиюін болдырмаңыз. Көзге тиіп кеткен жағдайда, көп мөлшердегі сумен жуып-шаю керек.

*Жүктілік және лактация кезеңінде қолданылуы*

Препараттың құрамында этанол болғандықтан, жүкті әйелдерге және бала емізу кезінде сақтықпен тағайындайды.

*Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Көлік құралдарын басқарудан немесе қауіптілігі зор механизмдермен жұмыс жасаудан бас тарту керек (препараттың құрамында этанол болғандықтан).

### **Артық дозалануы**

*Симптомдары:* аллергиялық реакциялар болуы мүмкін

*Емі:* препаратты тоқтату. Симптоматикалық ем

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

20 г-ден ішінде фенолды-эпоксидтік қорғағыш жабыны бар, сыйымдылығы 31 мл, механикалық сорғылары бар, мойыны қондырғылармен (бүріккіштермен) және сақтандырғыш қалпақшалармен жабдықталған моноблокты аэрозольдік алюминий баллондарда.

Баллонға трафареттік баспа бояуы әдісімен мәтін жазылады немесе өздігінен желімденетін заттаңбаларға арналған материалдан жасалған заттаңба жабыстырылады.

1 баллон бүріккішімен, сақтандырғыш қалпақшасымен және медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге тұтынушы ыдысына арналған картоннан жасалған қорапшаға салынады.

### **Сақтау шарттары**

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептісіз

### **Өндіруші**

«Микрофарм» ЖШҚ, 61013, Украина, Харьков қ., Шевченко к-сі, 20



Тіркеу куәлігінің ұстаушысы  
«Микрофарм» ЖШҚ, Украина

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы:

Алматы қ., Айнабұлақ-1 ықш. ауд., 17 үй, тел. +7 (727) 34 94 431, ұялы тел. 8 747 0126972

